

Ақпарат

16 қараша айы 2023 жыл

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектебінің 8 сынып оқушылары Сәуле Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер», «Әлихан Бөкейханов кім?» атты кітаптарымен танысып, талқылау сағатын өткізді.

Оқушылар «Ауылдан шыққан миллионер» хикаятында еңбектің қадірін, жасайтын нарықтың талабын біліп өскен Жомарттың жетістіктері шынайы оқиғамен байланысты баяндалғанын талқылады. Автор осы шығармасы арқылы қазақтың бизнес бастауға ниетті жастарына жол көрсетеді.

Оқушылар «Әлихан Бөкейханов кім?» кітабымен танысып Әлихан Бөкейхановтың өмірбаянымен танысты. Ата-анасы, алған білімі, еңбек еткен жылдарын, артынан қалдырған іздерімен мұқият танысып, тереңінен тани түсті. Бір-біріне сұрақ қойып, сұрақтарына толыққанды жауап ала білді.

Бұл кітап біздің оқушыларға үлкен мотивация берді деп білемін.

Өткізілген шара әлеуметтік желіге салынды.

Қатысушылар: 8 «Ә» сынып оқушылары

Ұйымдастырушы: мектеп кітапханашысы Тенелбаева Н



